



Қабаттағы мұнай



Жалпы мәліметтер


Мұнай - көмірсутектер қоспасы болатын, жанатын майлы сұйықтық. Мұнайдың түсі қызғылт, қоңыр қошқыл, кейде ол ашық сарғыш түсті, ақшыл болып та келеді. Мысалы, Әзірбайжанның Сурахана алқабында ақшыл түсті мұнай өндіріледі. Мұнай судан жеңіл, оның меншікті салмағы 0,65-0,95 г/см³. Мұнай өз бойынан электр тоғын өткізбейді.





Мұнай миграциясы

Мұнай-газ және су жер қыртысында қозғалыста болады. Осы қозғалысты мұнай миграциясы деп атаймыз.




Коллектор

Сұйық пен газды өзінен өткізе алатын және олар үшін қойма бола алатын кеуекті және жарықшақты тау жыныстарын коллекторлар деп атайды.




Мұнай-газ резервуарлары

Жер қойнауында мұнай, газ және су орналасқан коллекторлардың үстіңгі және астыңғы жағы сұйықтық пен газды өткізбейтін (немесе нашар өткізетін) жыныстармен қоршалған қоймаларды табиғи резервуарлар деп атайды. Олардың бірнеше түрі кездеседі.




Қабатты резервуар

Олардың ішінде әсіресе жиі кездесетіні үсті мен асты өзінен сұйықтық пен газды өткізбейтін жыныстармен қоршалып келетін қабат (горизонт) тәріздес.




Массивті резервуарлар

Қалыңдығы едәуір кеуекті жыныстардан құралған бірнеше қабаттан тұратын, асты мен үстіңгі жақтары сұйықтық пен газды өткізбейтін жыныстардан құралған табиғи қоймаларды массивтік резервуарлар деп атайды.




Литологиялық шектеулі резервуарлар

Жер қойнауында жан-жағы литологиялық өткізбейтін тау жыныстарымен қоршалған кеуекті және өткізгіш резервуарлар да кездеседі. Мұны литологиялық шектеулі резервуарлар деп атайды.




Мұнай тұтқыштары (ұстағыш)

Мұнай-газ шоғырларын өз бойына жинап, қоршап сақтауға қабілеті бар тау жыныстарының жиынтығын мұнай және газ ұстағышы (тұтқыш) деп атайды. Табиғатта мұнай-газ ұстағыштарының бірнеше түрлері кездеседі.



Дөңбек күмбезді ұстағыштар

Антиклиналдық иілімдерде пайда болып, жабыны мен табаны өз бойынан сұйықтық пен газды өткізбейтін тау жыныстарынан құралады. Бұл жағдайда мұнай мен газ дөңбек күмбез құрылымының жоғарғы жағындағы ұстағышқа тап болып, сол жерге жиналып, құрылымның тұлғасына сай орналасады.






Дөңбек күмбезді ұстағыш

Литологиялық экрандалған ұстағыштар


Мұнай мен газдың шоғырлануына ұстағыштың пішіні тек қана антиклинал болуы шарт емес. Кей жағдайларға мұнай мен газға қаныққан қабаттар өткізгіштік қабілеті жоқ тау жыныстарымен қоршалуы да мүмкін ғой. Мұндай ұстағыштарды ЛИТОЛОГИЯЛЫҚ экрандалған ұстағыштар деп атайды.




Литологиялық экрандалған
ұстағыш

Тектоникалық экрандалған ұстағыштар

Ұстағыштардың кейбір түрлері жердің тектоникалық жарықтарымен байланысты болуы да мүмкін. Мұндай мұнай-газ жатақтарын тектоникалық экрандалған ұстағыштар деп атайды







Тектоникалық кедергілі ұстағыштар

Стратиграфиялық экрандалған ұстағыштар

Жер қойнауында стратиграфиялық экрандалған ұстағыштар да кездеседі. Бұл жағдайда құламалы мұнай-газ қабаттары горизонтал орналасқан нашар тау жыныстарынан құралған қабаттар құнарлы горизонттарға кедергі келтіріп, қорды сақтауға көмек келтіреді.





Стратиграфиялық экрандалған
ұстағыштар